Қайғелді ауылының ЖОББ мектебі
Кезектен тыс педагогикалық
кеңес хаттамасы № 4
Қатысқандар - 22 22.11.2024ж.

Күн тәртібінде:

1. Стандарт жобасындағы өзгерістер мен толықтырулар. (Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Китайбекова З.Х.)
1-тарау Жалпы ережелер
2-тарау Білім мазмұнына қойылатын талаптар
3-тарау Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар
4-тарау Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар
5-тарау Оқу мерзіміне қойылатын талаптар.

Тыңдалды:
Стандарт жобасындағы өзгерістер мен толықтыруларға мектеп директорының орынбасары Китайбекова З.Х. тоқталып өтті.
Стандарттың талаптарын оқу жоспарларын, оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін, педагогтердің біліктілігін арттыру курстары бағдарламаларының мазмұнын әзірлеуде, тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектепішілік бақылауда педагогтерді аттестаттауда, оқыту

нәтижелерін бағалауда, білім алушыларды қорытынды аттестаттау және білім жетістіктеріне мониторинг жүргізуде орындау міндетті екенін айтып өтті.

Білім беру мазмұнының негізгі 6 құндылықтары

1. тәуелсіздік пен патриотизм
2. бірлік пен ынтымақ
3. әділдік пен жауапкершілік
4. заң және тәртіп
5. еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
6. жасампаздық пен жаңашылдық.

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

Орта білім беру ұйымдары „Математика және информатика", „Жаратылыстану", „Адам және қоғам", білім беру салалары бойынша „оқудан күтілетін нәтижелерге „Алгебра", „Геометрия" пәндерін „Математика" пәніне, „Физика", „Химия", „Биология" пәндерін „Жаратылыстану" пәніне, „Әлем тарихы", „Құқық негіздері" пәндерін „Әлеуметтік ғылымдар" пәніне кіріктіру (интеграциялау) арқылы қол жеткізе алады.

Толықтырулар: Тәрбиені күшейту және оның нәтижелерін бағалау

- Әлеуметтік GPA (орташа балл) енгізіледі – әлеуметтік жауапкершілікті, қоғамдық өмірге белсенді қатысуы, білім алушының көшбасшылық қасиеттерін және басқа да жетістіктерін өлшеу және бағалау жүйесі.
- Қорытындысы бойынша бағалау нәтижелерін көрсете отырып тиісті оқу кезеңінде GPA бар транскрипт – құжат беріледі.

Қазақ тілін оқытуды күшейту:

- Бастауыш мектепте қазақ тілін ерте меңгеру бағдарламасы
- Барлық пәндер бойынша баға қою.
- Мемлекеттік білім беру стандарттарының жүзеге асуына мониторинг жүргізу.
- AИ, қаржылық, құқықтық сауаттылық, креативтілік, STEM, STEAM, ерте бейіндеу бойынша пән салаларының мазмұнын нығайту. Оқу мерзімі мен қорытынды аттестаттаудың мерзімдерін айқындады.

Қаулы:

1. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары З.Х. Жолайбекова жүктелсін.

Хатшы: [подпись] Абдикаримова Д.Б.